

2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 73 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 мамырда № 5022 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары–Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 бұйрығына сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17583 тіркелген Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулыға приложению сәйкес бекітілсін.

2. Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 20 шілдедегі № 210 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4700 болып тіркелген, 2018 жылғы 1 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018 жылғы 31 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ә.Садырға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Қ.Қ. Айтмухаметов
Ә.Е. Тұрғымбеков
Ж.Е. Аманбаев
М.И. Мырзалиев
М.Н. Отарбаев
Е.Ә. Садыр
А.Б. Тасыбаев

Ө. Шөкеев

Түркістан облысы әкімдігінің
2019 жылғы "2" мамырдағы
№ 73 қаулысына
қосымша

2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 13.11.2019 № 257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидия көлемі	Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) 1 (бір) килограмм өнімін өндіруге жұмсалатын азық нормативі, килограмм	1 (бір) килограмм акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өніміне жұмсалған шығынға шаққанда балық азығына бөлінетін субсидиялар сомасы , теңге	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	Бекіре және оның буданы	тонна	22,2	1,5	285	9 504,3
2	Албырт және оның буданы	тонна	130,0	1,2	270	42 120,0
3	Тұқы және оның буданы	тонна	666,9	4	105	280 115,7
	Барлығы					331 740,0